

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің  
«Балапан» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

Хаттама көшірмесі №2

22.11.2023

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Төрағасы – Л.К.Сулейменова

Хатшы – А.К. Канатова

Ата – ана комитетінің атынан қатысты: Каменова Г, Б., Мусаханова Д.Г.

Бөбекжай атынан: Аймагамбетова Б.М., Арконова А.К., Тажикенова Г.К.,

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

«Балапан» бөбекжайының педагогикалық қызметін ішкі өзін – өзі бағалау қорытындылары туралы.

Сараптама тобының жетекшісі, бөбекжай директоры Л.К.Сулейменова.

ТЫҢДАДЫ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Л.К.Сулейменова сөз сөйлеуі «Балапан» бөбекжайында білім беру ұйымының мемлекеттік аттестациясы 2024 жылдың ақпан айында өтетінін хабарлады.

ТЫҢДАДЫ:

Л.К.Сулейменова өз сөзінде білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілер негізінде біздің бөбекжай 2024 жылдың ақпан айында аттестаттаудан өтетінін атап өтті.

Осыған байланысты бөбекжай бойынша 22.11.23ж. №197 шығарылды, оған сәйкес жеті адамнан тұратын сараптамалық топ құрылды.

Сараптамалық топ 2021 – 2024 жылдар аралығында өткен 3 оқу жылындағы бөбекжай қызметіне сапалы талдау жүргізді. Өзін – өзі бағалау барысында бөбекжай жұмысындағы бірқатар оңды тұстар мен орын алған мәселелер мен кемшіліктер анықталды, алдағы уақытта табысты қызметтің басым бағыттары әзірленді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

1.С.С.Жакулова – әдіскер, өткен кезеңдегі оқу – тәрбие үрдісіне талдау жасады. Ол педагогикалық кадрлармен жүргізіліп жатқан жұмыстың маңыздылығын атап өтті, бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша барлық жас топтары педагогтерінің жұмысын талдаудың жиынтық кестелерін көрнекі түрде ұсынды. Оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды жоюдың оңтайлы жолдарын көрсетті.

2. Р.А.Боранбаева – медбике, балалардың денсаулығын жақсартуға жағдай жасау туралы айтты.

Дене – шынықтыру жұмыстарын жүзеге асыруға, тамақтандыруды ұйымдастырып бақылауға, санитарлық – гигиеналық ережелерді сақтауға кешенді көзқарастың оң нәтижелерін атап өтті.



3. К.Б.Амирбекова – шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, ол бөбекжай қатты және жұмсақ жабдықтармен қамтамасыз етілгенін, барлық жас топтарында жиһаздың қажетті стандарты бар екенін атап өтті. Ғимарат гигиеналық, техникалық және өртке қарсы талаптарға сәйкес келеді.

4.Ә.Е.Мукашева – педагог – психолог, балабақшада ата – аналармен және балалармен жұмысты психологиялық қамтамасыз ету бойынша талдау жасады.

5. Г.Б.Абильмаженова – тәрбиеші, оқу үрдісінің ақпараттық – әдістемелік және кітапханалық қамтамасыз етілуіне талдау жасады.

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.Педагогикалық ұжымның 2021 – 2024 жылдардағы жұмысын қанағаттанарлық деп санау.

2.Бөбекжайдың педагогикалық қызметінің ішкі өзін – өзі бағалау материалдары мәлімделген мәртебеге сәйкес келеді.

3.Құжаттар топтамасы 2023 жылғы 29 желтоқсаннан кешіктірмей Қарағанды облысының білім саласындағы бақылау департаментіне ұсынылсын.

Төрағасы \_\_\_\_\_ Д.К.Сулейменова

Хатшы \_\_\_\_\_ А.К.Жанатова

